

**1 Анықтамалар**

Осы құжаттағы бас әріппен жазылған сөздер келесі мағынаны білдіреді: (1) «**Келісімшарт**» шарттар бойынша тауарларды және/немесе қызметтерді жеткізу және сатып алу туралы келісімшартын білдіреді; (2) «**Тауарлар**» СТ-да сипатталған тауарларды білдіреді; (3) «**Орифлэйм**» СТ-да сатып алушы ретінде аталған ұйымды білдіреді; (4) «**СТ**» тауарды жеткізу және/немесе қызметтерді көрсету жөніндегі Орифлэймнің сатып алу тапсырысын білдіреді; (5) «**Ерекшеліктер**» тауарларға және/немесе қызметтерге қатысты Орифлэйм тауарларды және/немесе қызметтерді сатып алу конкурсында белгіленген кез-келген ақпарат пен құжаттарды қоса, ұсынған немесе келісілген (егер бар болса) техникалық сипаттаманы білдіреді (6) «**Жеткізуші**» қызметкерлерін, агенттерін және өкілдерін қоса, СТ-да жеткізуші ретінде аталған тұлға немесе ұйым; және (7) «**Шарттар**» осы құжаттағы шарттар және СТ-да қамтылған кез-келген шарттар.

**2 Бұл шарттар қашан қолданылады**

Шарттар тауарларды және/немесе қызметтерді жеткізуде және сатып алуға қолданылады, егер СТ тараптардың арасындағы басқа келісімшартқа сілтеме жасаса, онда аталған келісімдегі шарттар қолданылады. СТ жеткізуші шарттарды қабылдаған жағдайда шығарылады. Егер жеткізуші тауарларды және/немесе қызметтерді жеткізуге басқа шарттар мен талаптар қолданылатынын мәлімдесе, Орифлэйм тауарды және/немесе қызметтер үшін төлем жасауға қатысты міндеттеме алмайды және оған келісімін бермейді.

**3 Жеткізу және сатып алу**

**3.1** Тауарларды және/немесе қызметтерді шарттар бойынша жеткізуші жеткізуге келіседі және Орифлэйм сатып алуға келіседі.

**3.2 ЖЕТКІЗУШІНІҢ БАҒА ҰСЫНЫСЫ, ТАПСЫРЫС РАСТАМАСЫ НЕМЕСЕ ТАПСЫРЫСТЫ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТЫ, ТӨЛЕМ ШОТЫ НЕМЕСЕ СОЛ СИЯҚТЫ БАСҚА ҚҰЖАТТА КӨРСЕТІЛГЕН, БІРГЕ ЖЕТКІЗІЛГЕН НЕМЕСЕ ҚАМТЫЛҒАН ҚАНДАЙ ДА ШАРТТАРДЫ ҚОСПАҒАНДА, ТАУАРЛАРДЫ ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЖЕТКІЗУ АТАЛҒАН ШАРТТАРҒА СӘЙКЕС РЕТТЕЛЕДІ.**

**3.3** Жеткізушінің келісімшартқа қатысты жеткізілім бойынша барлық кеңестер мен ескертулер, төлем шоттар, хат-хабарлар мен қаптамаларда СТ нөмірін және күнін көрсетуі керек.

**4 Сапа мен кемшіліктер**

**4.1** Тауарлар ең жақсы қол жетімді дизайн, сапаға ие болуы, ең жақсы қол жетімді материалдан және шеберлікпен жасалған болуы керек және кінәратсыз және барлық жағынан СТ мен Техникалық сипаттамаларға және тауарларға қатысты барлық заңдар мен талаптарға сәйкес болуы керек.

**4.2** Қызметтер ең жоғары стандарттарға сәйкес келуі керек және барлық жағынан СТ мен Техникалық сипаттамаларға сәйкес болуы керек және Қызметтердің жүзеге асырылуына қатысты барлық заңдар мен талаптарға сәйкес болуы керек.

**4.3** Жеткізуші осы Келісімшартқа байланысты барлық уақытта қолданыстағы заңдар мен ережелерді сақтауға міндетті.

**5 Жеткізу және қабылдау**

**5.1** Тауарлардың (1) тасымалдау кезінде белгіленген жеріне зақымсыз жеткізілуін қамтамасыз ету үшін олардың салалық стандарттарға сәйкес және Орифлэйм шығарған қандай да нұсқауларға сәйкес оралуы және бекітілуі; (2) Жеткізу нұсқауларына сәйкес белгіленген; (3) жеткізу күні және жеткізу шарттарына сәйкес жеткізу орны бойынша жеткізілуі; және (4) Орифлэймнің нұсқауы бойынша Жеткізушіден түсірілген және жинақталуы керек.

**5.2** СТ-да тауарды жеткізу күні мен уақытын көрсетіледі, немесе егер күні көрсетілмеген болса, жеткізілім СТ-нан кейінгі 28 күн ішінде жасалуы керек. Егер СТ-да уақыт көрсетілмесе, тауарлар тек Орифлэйм компаниясы тарапынан жұмыс уақытында қабылданады.

**5.3** Қызметтің орындалу және аяқталу күні немесе күні СТ-да немесе күні көрсетілмеген жағдайда Орифлэйм компаниясымен жазбаша түрде жасалған келісімге сәйкес.

**5.4** Тауарларды жеткізу және қызметтерді орындау уақыты маңызды шарт болып табылады.

**5.5** Тауарларды және/немесе қызметтерді жеткізгеннен немесе орындағаннан кейін Орифлэйм оларды тексеруге ақылға қонымды уақытта ие болғанға дейін немесе егер тауарлар және/немесе қызметтерде қандай да бір ақау анықталғаннан кейін ақтыққа қонымды уақыт ішінде Орифлэйм қабылдаған болып саналмайды.

**6 Жеткізушінің әдеп кодексі**

**6.1** Жеткізуші осы Келісімге байланысты әрдайым Орифлэйм компаниясының Жеткізуші әдеп кодексіне сәйкес әрекет етуі керек: <https://corporate.oriflame.com/en/About-Oriflame/Who-we-are/Code-of-Conduct-and-other-policies>

**6.2** Жеткізуші және Жеткізуші персоналының тікелей немесе жанама түрде келесі әрекеттерді орындамауы керек: (1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұза отырып, кез-келген ақшаны немесе қаржылық немесе басқа да артықшылықтарды төлеу, ұсыну, төлем жасау немесе оны төлеуге уәкілеттік беру; немесе (2) Орифлэймнің немесе Орифлэймнің лауазымды тұлғаларының, директорларының, қызметкерлерінің және / немесе олардың филиалдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзуына әкеп соқтыруы мүмкін кез келген әрекетті орындау. Жеткізуші осы Келісімшартқа байланысты жүргізілген кез-келген транзакцияға немесе бизнеске қатысты жасалған барлық төлемдер туралы толық және нақты кітаптар мен жазбаларды сақтауға және қажеттілігіне қарай Орифлэймнің уәкілеттік берілген өкілдеріне жеткізушілердің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңға және осы Келісімшартқа сәйкестігін тексеру үшін осындай кітаптар мен жазбаларды қол жетімді етуге келіседі. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң» кез-келген шетелдік немесе отандық парақорлыққа қарсы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдар мен ережелерді, оның ішінде Ұлыбританияның Пара алу туралы Заңын, АҚШ-тың 1977 жылғы АҚШ-тың «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын қоса басқа да өзгерістермен бірге және ЭЫДҰ халықаралық іскери мәмілелердегі шетелдік лауазымды тұлғалардың парақорлыққа қарсы күрес туралы конвенциясын жүзеге асыруға арналған кез-келген заңдарды білдіреді. «Жеткізуші персоналы» - Жеткізушінің лауазымды тұлғалары, директорлары, қызметкерлері, тікелей немесе жанама бенефициарлық меншік иелері, акционерлер немесе Жеткізушінің атынан әрекет ететін кез-келген басқа тарап.

**7 Тәуекел және меншік құқы**

**7.1** Тауардың жоғалуы немесе бұліну қаупі Тауарлар Орифлэймге жеткізу шарттарына сәйкес жеткізілгенге дейін Жеткізушіде сақталады.

**7.2** Жеткізілгеннен кейін меншік құқы Орифлэймге өтеді

**8 Бағасы, шот-фактуралар және төлем**

**8.1** Тауарлардың және/немесе қызметтердің бағасы СТ-да көрсетілгендей. Егер СТ-да өзгеше көрсетілмесе, бағаларға қосымша күн салығынсыз, бірақ барлық басқа ақылар, шығындар, баждар немесе төлемдер кірмейді.

**8.2** Жеткізуші тек Орифлэймге шот-фактураны тауарды Орифлэймге жөнелтуден немесе Қызметтерді аяқтау кезінде бірақ осы рәсімдерден бөлек түрде ұсынуы керек.

**8.3** Орифлэйм тауарлардың және/немесе қызметтердің бағасын (егер төлемде басқа шарттар көрсетілмесе) тиісті және нақты шот-фактура түскен күннен бастап 60 күн ішінде немесе егер тауарлар және/немесе қызметтер қабылданғаннан кейін болса осы Келісімге сәйкес түрде төлеуі керек.

**9 Орифлэймнің меншігі**

**9.1** Орифлэйм меншігі Орифлэйм компаниясының айрықша меншігі болып табылады және оны Жеткізуші осы Келісімді орындау үшін ғана қолдана алады. Жеткізуші өзінің Орифлэйм мүлкіне қатысты немесе оған қатысты меншік немесе басқа мүдделер мен құқықтарға ие болмайтынын қабылдайды және келіседі. «Орифлэйм меншігі» - Орифлэйм компаниясы жеткізушіге берген сызбалар, спецификациялар мен деректердегі материалдар, жабдықтар, құрал-саймандар, қалыптар, авторлық құқықтар, сызбалар, жобалар, Орифлэйм тобының тауарлық белгілері және барлық зияткерлік меншік құқықтары.

**9.2** Осы Келісімшартты орындау кезінде Жеткізуші жасаған кез-келген авторлық құқықтар, жасаушы құқықтары немесе басқа зияткерлік меншік құқықтары (өзі немесе Орифлэйммен бірлесіп) толықтай

Орифлэймге тиесілі және тек осы Келісімшартты орындау үшін пайдаланылуы керек. Жоғарыда аталған зияткерлік меншік құқығы Орифлэймге автоматты түрде берілмейтін жағдайда, Жеткізуші осы құжат арқылы Орифлэймге заңнамаға сәйкес Жеткізушіге берілген барлық құқықтарды береді. Орифлэймнің өтініші бойынша Жеткізуші Орифлэймге осындай зияткерлік меншік құқығын беруге қажетті барлық құжаттарға қол қоюы керек.

**9.3** Жеткізуші, оның қосалқы мердігерлері (руқсат етілген жағдайда) және/немесе кез-келген үшінші тарап жеткізушілері Орифлэйм компаниясының алдын-ала жазбаша келісімінсіз Орифлэймден басқа тұлғаға осы Келісімшарт бойынша құрылған мүлік және/немесе жеткізілімдерді сатуға немесе басқаша билік етуге құқығы жоқ.

**10 Зияткерлік меншік**

**10.1** Осы Келісімшарт бойынша жеткізушіге тиесілі немесе лицензияланған кез-келген патентпен, тауарлық белгімен, жасаушы құқығымен, авторлық құқықпен немесе кез-келген зияткерлік меншік құқығымен қорғалатын кез-келген жеткізілім жеткізушіден Орифлэймге (және Орифлэймнің еншілес компаниялары) осындай зияткерлік меншік құқықтарын осы Келісімге сәйкес Орифлэйм сатып алған жеткізілімде қосу үшін бүкіл әлемде пайдалануға роялти төлемінсіз лицензиясы бер деп саналады.

**10.2** Жеткізуші Орифлэймге Жеткізушінің Орифлэймге осы Келісімге сәйкес жүзеге асырған жеткізуі (салым мөлшеріне қарай) негізінде немесе оған қатысты зияткерлік меншік құқығын кез-келген бұзушылыққа немесе ықтималды бұзушылыққа байланысты жасалған немесе келтірілген немесе Орифлэймге қарсы қозғалған барлық жауапкершілік, шағындар, шығындар, залалдар, залал, шығыстар мен шығындардан босатады және олардан қорғайды.

**11 Осы Келісімшарттың бұзылуы**

**11.1** Бұл тармақ Орифлэймнің осы Келісімшарт бойынша жою құқығына байланысты қолданылады. Орифлэйм Жеткізушіге жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Келісімшартты қандай да бір себепсіз дереу тоқтата алады. Егер Орифлэйм осы Келісімшартты осы тармаққа сәйкес себепсіз тоқтатса, Орифлэйм Жеткізушіге тоқтатылған сәтте аяқталған жұмыс үшін әділетті және орынды өтемақы төлеуге міндетті, бірақ бұл өтемақы ұтылған немесе болмаған кірісті, жасалмаған келісімшартты, қолданырмаған мүмкіндікті, жоғалған беделді немесе жоғалған іскерлік беделді, кез-келген ысырап немесе кез-келген кейінгі немесе жанама шығындарды қамтымайды.

**11.2** Осы Келісімшартты тараптардың кез-келгені келесі жағдайларда дереу немесе толығымен ішінара тоқтата алады: (1) екінші тарап осы Келісімшартты елеулі түрде бұзған, бұл бұзушылық бұзушылар тараптың кем дегенде 30 күн ішінде осындай бұзушылық туралы хабарлама бере отырып, шартты бұзбаған тарапқа оны толықтай қанағаттандыратын түрде өтелмесе; (2) егер тарап төлемге қабілетсіз болса немесе тарату туралы қандай да бір шешім немесе сот ісі (ерікті немесе мәжбүрлі) тарап жағынан немесе оған қарсы қозғалған болса немесе, кредитор немесе несие беруші немесе тарап үшін алушы мүддесі үшін әкімшінің, цессионарийдің немесе агенттің келісімімен немесе келісімінсіз тағайындалған болса; (3) тарап бұрын ескерту жіберілген қандай-да бір түрдегі бұзушылықты қайта жасаған болса; немесе (4) қандай да бір тарап форс-мажорлық оқиғаға байланысты 14 күннен асатын мерзімде осы Келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда. «Форс-мажор оқиғасы» - ұлттық еңбек жанжалдары, азаматтық толқулар, тәртіпсіздіктер, халық жауының әрекеттері, кез-келген үкіметтің немесе егемен елдің іс-әрекеттері немесе шектеулері, өрт, экспортқа және импортқа тыйым салу, валюталық шектеулер немесе алдын-ала болдырмау, болжау немесе шектеу мүмкін болмайтын оған бағынбайтын өзге де кедергілер, оның ішінде коммерциялық негізде табиғи апаттарды қалпына келтіру процедурасын қолдану.

**11.3** Жоғарыда айтылғандарға нұқсан келтірместен, Орифлэйм осы Келісімді келесі жағдайларда тез арада және Жеткізушіге өтемақысыз тоқтата алады: (1) Жеткізушінің меншігі немесе бақылауы үшінші тұлғаға ауысқан жағдайда; (2) Орифлэймнің ақылға қонымды пікірі бойынша Орифлэймге осы Келісім бойынша Жеткізушіден сатып алу немесе төлем жасау заңсыз болған жағдайда; (3) Жеткізушінің барлық активтері іс жүзінде үшінші тарапқа сатылған, берілген немесе иеліктен шығарылған жағдайда; немесе (4) Жеткізуші Орифлэйм компаниясының Жеткізушілердің тәртіп

**Орифлэйм сатып алу тапсырысының шарттары мен ережелері**

кодексін немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзған жағдайда.

**11.4** Кез-келген себептермен осы Келісімнің бұзылуы кез-келген тараптың бұзуға дейін есептелген құқықтарына нұқсан келтірмейді. Осы Келісімшарт тоқтатылғаннан кейін айқын немесе айқын емес түрде заңды күшіне ие шарттар тоқтатылғаннан кейін де күшін жоғалтпайды.

**12 Жалпы ақпарат**

**12.1** Жеткізушінің осы Келісімшартты немесе оның кез-келген бөлігін Орифлэйм компаниясының алдын-ала жазбаша келісімінсіз басқа тұлғаға беруге немесе аударуға құқығы жоқ.

**12.2** Орифлэйм осы Келісімшартты немесе оның кез-келген бөлігін Орифлэйм тобының кез-келген компаниясына бере алады немесе аудара алады.

**12.3** Әрбір тарап екінші тарап жариялаған барлық құпия ақпаратты құпия сақтауға міндетті.

**12.4** Осы Келісімшарт ерекше келісім жасамайды және әр тарап осы Келісімшарттың мәніне қатысты үшінші тараптармен келісім жасай алады.

**12.5** Осы Келісімшарттың мазмұнындағы ешбір бап және тараптардың Келісімшартқа байланысты қабылдаған ешбір әрекеті серіктестік, қауымдастық немесе басқа ұйымды құрмайды немесе жасамайды немесе тараптардың еңбек қатынастары ретінде қарастырылмайды.

**12.6** Жеткізушінің осы Келісімшарттың немесе Орифлэйм атауын кез-келген жарнамада немесе науқанда Орифлэйм компаниясының алдын-ала жазбаша келісімінсіз пайдалануға құқығы жоқ.

**12.7** Осы Келісімшартқа енгізілген өзгерістер (бағаны, жеткізу мерзімдерін, техникалық сипаттамаларын және/немесе көлемін өзгертуді қоса) жазбаша түрде келісіліп, Орифлэйм компаниясының уәкілетті өкілі қол қоюы керек.

**12.8** Осы Келісімшартқа сәйкес екінші тараптың кез-келген талап еткен немесе жіберген кез-келген хабарлама осы тарапқа оның негізгі жұмыс орнында немесе келісімшарт деректерінде көрсетілген басқа мекен-жайға жазбаша түрде жіберілуі керек.

**12.9** Орифлэйм және Жеткізуші әрқашан осы Келісімшартқа байланысты құпиялылық пен деректерді қорғаудың барлық қолданыстағы заңдарын және ережелерін, соның ішінде заңмен талап етілетін жеке келісімшарттарды жасау талабын орындайды.

**12.10** Осы Келісімшарт тараптардың осы Келісімшартта қарастырылған мәселелерге қатысты толық келісімі болып табылады. Осы Келісімшарт тараптардың осы Келісімшартта ауызша немесе жазбаша түрде қарастырылған тақырыпқа қатысты барлық алдын-ала хабарламалардың, келісімшарттардың немесе келісімдердің күшін жояды.

**12.11** Келісімнің қалыптасуы, болуы, құрылысы, орындалуы, қолданылу мерзімі, даулары және барлық басқа аспектілері Орифлэйм тіркелген елдің заңдарымен реттеледі және тараптар Орифлэйм тіркелген аумақ немесе кантон (мүмкін болған жағдайда) аймақтың, штаттың, соттардың жалпы юрисдикциясына бағынады.